

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің «Қай кезде, қай заманда болмасын, кітап құндылығын жоғалтпайды. Бүкіл әлемдегі кітапханалар – білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені. Дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоғалтпайды» деген пікірі кітапхананың рухани білім ошағы екендігін растайды.

Мұхтар Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Ақпараттық білім беру орталығының ұжымы «Кітапханашылар күні» Шымкент қаласындағы ірі кітапханалар мен жоғары оқу орындарының кітапханаларының басшыларын және Тарих және педагогика факультетінің «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының 6В03210 «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасының студенттерімен «Мамандығым мақтанышым» атты сырласу кеші ұйымдастырылды.

«Еліміздегі жақсы кітапхана – жаңалық пен жақсылықтың жаршысы, рухани байлықтың қайнар көзі, ұлттық игіліктің нақ өзі» деген қағида-сымен әріптестерін заман талабына сай барлық жаңалықта дайын болуды үйретіп, біліктіліктерін шыңдаған Сәуле Мұқашқызы Бекова бастаған бірнеше кітапхана ісінің ардагерлері, Әл-Фараби атындағы Шымкент қалалық ғылыми-әмбебап кі-

тапханасының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Анар Абусайылқызы Жаппарқұлова, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы ғылыми кітапханасының директоры Раушан Ысқақызы Дарбичева, Жұмабек Ахметұлы Ташенов атындағы университеті Гуманитарлық ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы Роза Саатқызы Туенова, болашақ мамандық иелеріне «Кітапханашы мамандығының» қоғамдағы рөлінің маңыздылығын айта отырып, білім беру мен ғылымдағы алатын орнына баса көңіл бөлді. Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз.

Университет кітапханаларының маңызды бағыты - ғылыми қызмет екендігін Ақпараттық білім беру орталығының директор орынбасары Гүлбахира Қансапарқызы Мыңбаева өз баяндамасында атап айтты. Кітапхана дүниеде ештеңеге теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей келе жатқан парасаттылық пен білімділіктің, қайнар көзі. Кітапхана оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда екендігіне көз жеткізді.

6В03210 «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасының ТП-24-14ку тобының студенті Ажар Оразханқызы Айтбаева өз баяндамасы «Кітапхана саласында жасанды интеллекттің қажеттілігі

мен тиімділігі» бүгінде сандық технология мен жасанды интеллект дамып тұрған уақытта, мамандық иелеріне білімді жетілдіру мен кемелдендіру өзекті мәселе екендігін айтты. Бүгінгі таңда біз төртінші өнеркәсіптік революцияның және жаппай цифрлық трансформацияның куәсі болып отырмыз. Бұл үдерістер біздің өміріміздің барлық саласына, соның ішінде ғасырлар бойы білім мен парасаттың киелі ордасы саналған кітапханаларға да өзгеріс әкелуде. Дәстүрлі әдістермен мұндай ауқымды ақпаратты толыққанды өңдеу, сұрыптау және оқырманға ұсыну мүмкін емес. Міне, осы жерде жасанды интеллект көмекке келеді. Оның басты қажеттілігі – ақпаратты басқаруды автоматтандыру және оны әрбір оқырман үшін барынша қолжетімді әрі пайдалы ету керектігіне көз жеткізді.

ламасының бір топ студенттеріне алғыс білдіріп, марапаттады.

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытов айтып кеткендей Кітапханашы мамандығымен мақтанып, қасиетті қазынамызды көздің қарашы-ғындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – ең қажет, абыройлы мамандық иелері. Кітапханашылар білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалауда. Эстетикалық талғамы бай, ойы зерек, қиялы жүйрік, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған,



Іс-шара соңында ардагерлерімізге Басқарма төрағасы-ректор Дархан Жұмаханұлы Ахмед-Закидің атынан Алғыс хаттар берілді. Ақпараттық білім беру орталығының директоры Индира Қабланқызы Саурбаева іс-шараның етуіне атсалысқан Ақпараттық білім беру орталығының директор орынбасары Гүлбахира Қансапарқызы Мыңбаева мен Кітапхананы дамыту бөлімінің меңгерушісі Ләззат Жолдыбекқызы Өтеғұлова мен кітапхана ісі білім беру бағдарламасының студенттері мерекеге орай концерттік бағдарлама ұйымдастырғаны үшін «Кітапхана ісі» білім беру бағдар-

оқырмандарға білім мен қажетті ақпаратын ұсына білетін ой-өрісі кең, кітапханашылардың орны өзінше бір бөлек. Кітапхана саласы ақпарат және білім орталығы ретінде ақпаратты беру мен табу, іздестіру жолдарын білуде кітапханашы мамандар өз ісінің шебері, әмбебап маман болу керек екендігін түсіндік. Бұл – заман талабы.

Ләззат Жолдыбекқызы Өтеғұлова,
Ақпараттық білім беру орталығының
кітапхананы дамыту бөлімінің меңгерушісі,
Шымкент қаласы